

## Мұғалім дефектолог

Лауазымдық міндеттері: даму мүмкіндігі шектеулі балалармен және жасөспірімдермен оқу-түзету жұмыстарын жүзеге асырады. Олардағы ақаулардың құрылымы мен ауырлығын анықтайды, балалардың психофизикалық жағдайын ескере отырып, сабақтарға арналған топтарды толықтырады. Дамудағы ауытқуларды түзету, бұзылған функцияларды қалпына келтіру бойынша топтық және жеке сабақтар өткізеді. Оқушылардың әлеуметтенуіне, білім беру оқу бағдарламаларын игеруіне ықпал етеді. Оқытудың әртүрлі формаларын, әдістерін, әдістері мен құралдарын қолданады.

Арнаулы және түзету ұйымдарында оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, дамуға ауытқуларды барынша түзетуге бағытталған білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) оқыту және тәрбиелеу жөніндегі жұмысты жүзеге асырады. Өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттырады. Ата-аналармен (оларды алмастыратын адамдармен) байланысты жүзеге асырады, оларға балаларға көмек көрсетудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде кеңес береді. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын орындайды. Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, " Білім туралы ", " Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы ", "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: "Дефектология"мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білім.